



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№15 (552)
11 сәуір,
2024 жыл



«Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек ӘМИША:

ТЕЛЕАРНА

ӨЗ-ӨЗІН САҚТАП ҚАЛУ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

Кейінгі уақытта облыстық телеарнаның хабар тарату әдісі де, желідегі жарнамасы да күрт өзгерді. Көзі қырағы көрермен мұны бірден байқады. Иіңгірескен ақпарат заманында сенімді хабар тарататын БАҚ-тың орны бір бөлек.

Осы орайда «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмишамен жолығып, қызмет барысы, қоғамдағы өзгерістер туралы сұхбаттастық.

– Нұрбек аға, телеарна басшысы қызметіне кіріскеніңізге жарты жылға жуықтады. Дәл қазір метаәлемнің мүмкіндіктері кеңейген уақыт. Медиаменеджер ретінде ең әуелі қандай дүниеге басымдық бердіңіз?

– Бұрын осы облыстық телеарнада жұмыс істегесін қайтып оралғанда нені өзгерту керектігі, қай жерде артық кетіп, қай жерде ілесе алмай қалғанымыз айдан анық көрінді. Эфирдің өз эстетикасы, әдемілігі болуы керек. 13 жыл сыртта жүргесін телеарнаға басқа көзбен қарадым. Сырдарияның сұлу бейнесі, күннің шығуы, күздегі жапырақтар, көшедегі адамдарды арнайы түсіріп, Qyzylorda VIBE айдарын ойлап таптық. Адам кейде миы тынығып, демалу үшін телеарна қарайды. Эфир көрерменге көңіл-күй сыйлауы керек.

Сондай-ақ телерананың әлеуметтік желілердегі бейнесін де жаңарттық. Дизайнына, посттардың тұрақты әрі сапалы шығуына мән бердік. Қазір youtube, instagram каналымыздағы көрерменнің де қатары көбейді.

3-бетте

Мұсылмандардың ұлы мейрамы – Айт. Ислам дінінде екі мереке бар. Ол Ораза айт және Құрбан айт мерекесі. Шариғат бойынша отыз күн ораза біткеннен кейін шаууал айының бірінші күні ораза айт болып есептеледі.

МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ҰЛЫ МЕЙРАМЫ



– Қадірлі отандастар! Баршаныңды Ораза айт мейрамымен құттықтаймын!

Бұл – мұсылман қауымының ерекше ықыласпен қарсы алатын ұлық мерекесі.

Қасиетті Рамазан айында жұрт адамгершілік құндылықтарға баса мән береді, рухани тазаруға ұмтылады. Мұқтаж жандарға қол ұшын созып, айналасына қайырымдылық көрсетеді. Отыз күн оразадағы сабыр мен қанағатқа негізделген игі амалдың бәрі Айт мерекесінің шынайы болмысын айшықтай түседі.

Ата дініміз адамзатты татулық пен тыныштыққа, қамқорлық пен мейірімділікке, жанашырлық пен жасампаздыққа үндейді. Адал еңбек етіп, адал табыс табуға шақырады. Мұның барлығы, түптеп келгенде, бүкіл еліміздің ырысты ынтымағын арттыруға ықпал етеді.

Халқымыздың салт-дәстүрі Ислам дінінің, Рамазан айының және Айт мейрамының ұлағатымен ұштасып жатыр. Бұл сабақтастық берекелі бірлігімізді нығайтып, әділетті қоғам құру жолында маңызды рөл атқарады.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Айт қабыл болсын, ағайын, – деді Мемлекет басшысы.

Айта кетейік, Ораза айт күні айт намазына дейін пігір садақасын беріп үлгеру керек. Намазға шығар алдында ғұсыл құйынып, әтірленіп, жаңа киім киіп, құрма жеп, қуаныш пен шаттық көңіл-күймен тәкбір айтып мешітке барады.

Ескере кететін жайт, ораза айт – бір күн. Алайда халық арасында қалыптасқан әдет бойынша үш күнге дейін дастарқан жайылып, айтаумен жалғасын табады. Айт намазына дейін әлеуметтік жағдай төмен отбасылардың да мереке күндері дастарқан жайып халықпен бірге қуануы үшін пігір садақалары таратылады. Бұрын

араздасқандар татуласады. Одан соң мереке Құрбан айтқа жалғасады. Айт намазы оқылған соң Алланың разылығы үшін ұлық құлшылық болған құрбан шалу рәсімі жасалады. Мерекелік дастарқандар жайылып, халық құрбандық еттерінен дәм татады.

Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Ораза айт мерекесімен құттықтады.

Айт намазын оқиды. Ораза айт кезінде мұсылмандар бір-бірін құттықтап, мерекелік дастарқан жайып, туыстар мен дос-жарандарды қонақ етеді.

МАҒЫНАЛЫ МУЗЫКА ЖАНЫМА ЖАҚЫН

Жақсы ән – адам жанының емшісі. Ақын мен сазгердің жүрегін жарып шығып, сазы мен сөзі қабысқан тамаша туындының бағын кез келген орындаушы аша алмайтыны ақиқат. Сондай-ақ сәтті шыққан ән де – әншінің бағы. Осы орайда ел арасында кеңінен тараған «Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба?», «Бозторғай ана» секілді мәнді де мағыналы туындылардың орындаушысы Кеңес Әлімжанмен сұхбаттасқан болатынбыз.

– «Үлкен жетістікке апаратын жол кішкентай қадамдардан басталады» дейді. Ән әлеміне неше жасыңызда қадам бастадыңыз? Бала Әлімжанның арманы қандай еді? Сол армандар қазір орындалды ма?

– Аралдың Қаракүм деген ауылында дүниеге келіп, №59 мектебінде білім алдым. Бірінші сыныптан-ақ ән сабағына әуес болдым. Жалпы шығармашылыққа, әдебиетке өте жақын болдым десем артық емес. Сол бір мектеп табалдырығын аттаған

жылдан бастап Үміт Ақжанова есімді ұстазым өнерге баулыды. Қазіргі таңда ауылдағы мектеп директоры қызметін атқаратын апайымыз маған ән-өзүз пәнінен білім берді. Бізді түрлі конкурстарға қатыстырып, «Бозторғай», К.Дүйсекевтің «Туған жер» секілді байқауларынан қалдырмайтын. Сондай еңбеккер, өнерлі жан. Маған кен диапозонда ән айтумен қатар жақсы ән таңдауды сол кісі үйретті.

5-бетте



ШЫРТ ЕТКІЗГЕНІ ШЕДЕВР

АРҒЫМАҚПЕН АРПАЛЫС



8



ТІҚШАҚ ТІЗГІНДЕГЕН НӘЗІК ЖАН

Ер азаматтың жұмысы саналатын авиациялық мамандықтарға қызығушылық танытатын нәзік жандар көбейген. Мәселен, Азаматтық авиация академиясында кейінгі үш жылдың ішінде оқуға түсетін қыздардың үлесі 25%-ға дейін өскен. Бүгінде Азаматтық авиация академиясының түлектері авиамеханик, авиадиспетчер, логист, авиациялық қауіпсіздік маманы, тіқшақ пен ұшақ ұшқыштары болып жұмыс істейді. Өуе мамандарын даярлайтын білім ордасының түлектері әсіресе ару қыздар авиация саласында жоғары жетістіктерімен табысты нәтиже көрсетуде.

Бүгінгі кейіпкеріміз 16 жылға жуық тәжірибесі бар маман, тіқшақ тізгінін басқаратын қопбалай ана – Ақерке Шопатаева.

4-бетте

ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА:

САН СОҚТЫРҒАН СҰЛУЛЫҚ

Шиңдей ерін, әжімесіз бет-әліпет, ұзын кірпік пен тырнақсыз жүрген қызды көру өте сирек кездесетін дүниеге айналып кетті. Барлығының есіл-дерті «ажарымды сұлу егемін» деген таптаурын пікірмен толып қалғандай көрінеді. Алайда пышақтың астына түсудің, ине мен түрлі препарат қабылдаудың адам ағзасына қалай қатер төндіретіні туралы айтатындар аз.

Пластикалық ота – қазір әлемдегі ең танымал сұлулыққа бағытталған хирургияның бағыты. Жылына 11 млн-нан астам отаның осы түрі жасалынады. Оның да түрлері көп. Атап айтсақ, блефаропластика, ринопластика, маммоластика, липофилинг және де басқалары. Мұрына жасалынатын отаның құны 150 мың теңгеден 300 мың теңгеге

дейін, ал артық салмақтан арылу үшін 1 млн-нан 3 млн теңгеге дейін қаражат қажет. Әлемде пластикалық операция жасайтын клиника көп. Соның ішінде Джонс Хопкинс емханасы, Грейт-Ормонд-стрит ауруханасы және Гарвард медициналық мектебі үштіктің көшін бастап тұр.

2-бет



АРХИВ – АҚИҚАТТЫҢ АЛТЫН КӨМБЕСІ

Түсіне білгенге, архив шан басқан қағаздардың жиналып тұратын мекені емес. Ол – тарихтың көмбесі, өткен күндердің алтын парақтары сақталған қасиетті орын.



сыйымдылығы 600 мың құжатты қамтитын жаңа типтегі 5 қабатты Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Ғимарат «ерекше кезеңде» құжаттарды эвакуациялайтын қоймалармен, қор сақтау қоймалары мобильдік стеллаждармен қамтамасыз етілген. Құжаттарды өңдеу үшін зертханалық, реставрациялық кабинеттер ашылған, нәтижесінде ескі құжаттарды нормативке сәйкес сақтауға, өңдеуге, тігіп-түптеуге мүмкіндік туды. Сондай-ақ ғимарат заман талабына жауап беретін архивтік құрылыстармен қамтамасыз етілген.

– Архив ісін жүргізу және басқаруда «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» облыстық мәдениет және спорт басқармасының 2023 жылғы жұмыс жоспары басшылыққа алынды.

Құжаттарды орталықтандырылған есепке алу жұмыстары тоқтаған емес. Сақтаудағы архивтік құжаттардың нақты бар-жоғын анықтау, қалыпқа келтіруді, техникалық өңдеуді қажет ететін құжаттарды айқындау және есепке алу мақсатында 19271 сақтау бірлігінің бар-жоғы мен физикалық-химиялық жағдайы тексерілді.

Есепті мерзімде 12879 сақтау бірлігінің мұқабалары қайта тігілді. 3424 сақтау бірлігінің 88778 парағы қайта қалпына келтірілді. Архив қоймаларынан 66139 сақтау бірлігі босатылды, оның ішінде зерттеушілерге 2557, ұйымдарға уақытша пайдалануға 236, архив қызметкерлеріне 63346 сақтау бірлігі берілді, – деді облыстық архив мекемесінің басшысы Жанат Абзалиева.

Мұнда ең бастысы, қор сақтау қоймаларындағы құжаттарды күн сайын температура, ылғал, жарықтың кері әсерінен, ластанудан сақтау және өрт қауіпсіздігі шараларын бақылау қатаң қадағаланады. Биылдың өзінде 8 архив филиалында басқару, жеке құрам құжатының 1028 парағының өшіп қалған мәтіндері қайта қалпына келтірілген.

– Ұлттық архив қорын мерзімінде сапалы құжаттармен толықтыру, ведомстволық архивтерде құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Есепті кезеңде архивтердің толықтыру көздері болып табылатын мекемелер мен ұйымдардың архив ісі қызметіне жауапты мамандарына, құжаттарды қалыптастыру, тізімдемелерді жасау, құжаттарды архивке өткізу мәселелеріне қатысты 1389 әдістемелік-практикалық көмек көрсетілді. Құжаттау және құжаттаманы басқару, архив ісі мәселелері жөніндегі заңнама талаптарын, құжаттардың бірінші электрондық модулін түсіндіру мақсатында 84 семинар өткізілді. Оған 636 ұйымнан 751 маман қатысты, – деді архив және құжаттама бөлімінің басшысы Нұршат Әбділаева.

Биыл қағаз негізіндегі 20592 сақтау бірлігінің 2046531 парағы цифрландырылған. Сонымен қатар «Құжаттардың бірінші электрондық архиві» ақпараттық жүйесі бойынша архивтік құжаттарды автоматтандырылған ақпараттық жүйеге енгізу жұмыстары жүргізілуде. Есепті мерзімде 38 қордағы 13909 сақтау бірлігінің 1187380 парағы аталған жүйенің деректер базасына енгізілген.

Өткен жылы облыстың 85 жылдығына орай облыс әкімі Н.Нәлібаевтың қолдауымен архив қызметкерлері Ресейдің Орынбор облысының архивінде Сыр өңіріне қатысты құжаттарды зерделеп, 2000-нан астам парақтың көшірмелерін алды. Мұның өзі үлкен қазына. Барлығын құжатпен ғана растай алатын заманда дәлел мен дәйектің ғажайып қазынасы осы архив қана. Архив ақтарыңыз талай шаң басқан шындық буырына шығады. Ғасырлар ғаламаты ашылады. Сондықтан бұл мекеменің ұлт тарихындағы орны ерекше.

Айдар САЙЛАУОВ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасының іске асырылуы» бойынша брифинг өтті. Спикер ретінде Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиков сөз сөйледі.

3.8 млрд теңгенің кемшілігі анықталған



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасымен барлығы 9 бағыт белгіленген, олар: жер, жол, олигополиялар, әлеуметтік сала, жылу электр орталықтары, сейсмологиялық қауіпсіздік, бизнес, агроөнеркәсіптік кешені, апаттық және тозығы жеткен тұрғын үйлер.

Өңірдің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі аталған картаға енген салалардағы мәселелерді шешу, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау үшін тиісті алдын алу жұмыстарын жүргізілген.

Мәселен, облыстың спорт саласына жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелерімен салада қаржылық жоспарлаудағы бірқатар жүйелі тәуекелдер, жекелеген спорт мектептері есепшілерімен шамамен 25 млн теңге бюджет қаражаты жымқырылғаны анықталған. Бұл деректер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерулер жүргізілуде.

Сонымен қатар, спорт саласында 11 тұлғаның жалған дипломмен жұмыс атқарғаны анықталып, барлық тәуекелдерді жою үшін әкімдікке 12 ұсыным берілген.

Бұдан бөлек, «Бизнеске жол» жобасын іске асыру қорытындылары айтылды. Жоба аясында жыл басынан бері 32 кәсіпкерлік субъектісінің құқығы қорғалған.

Бүгінгі күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілер» жобасы бойынша мақсатты аудитория 110-нан

астам еріктімен толығып, атқарылған жұмыс өз жемісін көрсетуде.

Ағымдағы жылы департаментпен бірге жалпы 9 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, қысқартылған тәртіппен 7 әкімшілік іс қаралған.

Бұдан бөлек, облыста құрылысы жүргізіліп жатқан 6 нысан бойынша барлығы 3,8 млрд теңгенің кемшіліктері мен сәйкессіздіктері анықталып, бүгінгі күнге 882 млн теңге мөлшерінде материалдық залалдың алды алынған.

Сонымен қатар «Бірнәрсені сатып алу терезесі» порталына жүргізілген мониторинг бойынша тапсырыс берушілерге сатып алу бағасын қайта қарап, оларды төмендету нәтижесінде шамамен 500 млн теңгеден астам бюджет қаражаты үнемделген.

– Біз өз қызметімізді басқа да мемлекеттік органдармен, қоғаммен және халықпен бірлесіп жалғастыратын боламыз.

1424 Call-орталығымыз азаматтарға тегін ақпараттық-консультациялық қолдау көрсетеді.

Кез келген сыбайлас жемқорлық фактілер туралы осы Call-орталыққа, сонымен қатар біздің департаментке, немесе департамент басшысының «Facebook» парақшасы арқылы байланыса аласыздар. Барлық өтініш біздің тұрақты бақылауымызда, – деп қорытындылады А.Ашиков.

Максат ТӨЛЕГЕНУЛЫ

Көмек көші тоқтамайды

Елімізді зуре-сарсаңға салған су тасқыны әлі де бой бермей жатыр. Құтқарушылар адамдарды эвакуациялау шараларын жалғастыруда, қалпына келтіру жұмыстары да қарқынды жүргізілуде.

Сыр елінен өткен жұмада Ақтөбе облысына гуманитарлық көмек, атап айтсақ, тұрмыстық тауарлар, азық-түлік пен киім-кешек, гигиеналық заттар 1 фура, 8 газель, 1 шағын автокөліктерге тиеліп, жүк керуені жолға шықты.

Қазақ халқы жетімі мен жесірін жылатпаған, жаны жаралы жандардыз өмір атты тайғақ жолдан құлатпаған кеменгер халық. Қайырымы кең қазақ сынды халықтың әр баласы қиын-қыстау күндерде қол ұшын созып, көмек беруге әрқашан дайын.

Игі істе, ізгі жолда жүрген мейірімді жандарға, қолдау білдірген барша Сыр халқына алғысымыз шексіз!

«АЖ» ақпарат



Пластиковая ота: сан соқтырған сұлулық

Басы 1-бетте

Биылғы жылдың тренді ретінде «табиғи сұлулық» пен бет-әлпетке жеңіл-желпі түзетулер жасау қарастырылуда. Жалпы көптеген қыз-кейіпшік көздеріне қабақ жасатып, бет пен маңдай, мойынның терісін тарту, жақ пен мұрынның мүсінін өзгерту деген сияқты қауіпті процесске келісім береді. Әлемде Оңтүстік Корея көш бастап тұр. Ал Қазақстанда еркін үлкейтуші қыздар жыл санап артып келеді. Инъекция арқылы жүретін бұл процессті араға уақыт салып қайта қайталан отыру қажет. Дегенмен көпшілігі өзі қалаған еріңді көре алмай, көріксіз нәтижеге не болады.

– Менің ернімнің формасы өздігінше әдемі еді. Туған күніме орай өзіме шағын сыйлық жасайын деп шештім. Формасын аз-маз үлкейткім келіп, қаламыздағы косметологтарға жүгіндім. Процесс ұзақ емес, маған бағасы да ұнады. Арнайы ауруды сездірмейтін жақпамай жақса да, ернімнің қатты ауырғанын сездім. Бастапқы күндері бұрын ине салдырғандар секілді көгеріп, ісінді. Бірнеше күннен кейін көгергені қайтып, ісігі басылды. Алайда ерін жасатудың қажеті жоқ екенін кеш түсіндім. Себебі жасандының аты жасанды, табиғи сұлулықтың орнын баса алмайды. Шамалы уақыттан соң инъекция тарап кетеді, сондықтан албырт шешім қабылдап, өз сұлулығыңызға қиянат жасаманыз, – деп өкінішін білдірді Айсұлу Әбілқай.

Дегенмен бұл барлығының пікірі осындай дегенді білдірмейді. Қалаған нәтижені көргендер қайта жасатудан еш қашпайды. Бұған тәуелді болып, ажарын басқа да әдістермен «әдемілеуші» қыздар жеткілікті.

– Ерекше ерін жасатқаныма біраз уақыт бол-

ды. Өзім қалаған нәтижегі ала алдым. Бұл заман талабына сай және қауіпті деп айта алмаймын. Өзі ісінің маманы болған, жақсы косметологтарға жүгінсек қатерлі болмайды деп ойлаймын. Көпшіліктің пікірі маған қарсы болса да, мен өзімді жақсы сезінемін. Алдағы уақытта тағы да түзетулер жасатамын деген ойым бар, – деп пікірлер легін жалғастырды Алуа Оразғали.

Пластиковая ота қауіпті деп атауға себеп көп. Ең сорақысы, сұлу боламын деп ота үстелінде жан тәсілім еткен қыздар бар. Ғаламтор кеңістігінде зарлап шеккендердің қорқынышты фотолары мен жантүршігерлік ди-

агноздары туралы мақала мен пост жеткілікті. Көптеген ауру осы ота кесірінен асқынуы мүмкін екендігін ешкім ескермейді.

Мәселен, невроз, ішкі қабынулар, инфекция, көздің көру қабілеті, басқа да психологиялық және физикалық дерттерді деніңізге жиып алуыңыз мүмкін. Сапасыз отадан кейін байырғы қалпыңызға оралу мүлде мүмкін болмайды. Бұрын ота жасатып, кейін зардабын шеккендердің бүгінде беті қисық, ота орнында тыртық, ал жүректерінде қаю бар.

Әлемнің сұлулық аренасында жүлдіз болып жанған кейбір хас сұлулар бүгінде пластикалық отаның кесірінен халық көзіне көрінуге ұялатын халге жетті. Мәселен, «супермодель» терминін енгізген Дженис Дикинсонның қазіргі келбеті түбегейлі өзгерген. Табиғи сұлулығынан жұғым да қалмаған Дженис әділдермен күресемін деп отаның көмегіне жүгінген. Келесі кейіпкеріміз «арыстан әйел» атанған Джоселин Вильден-

штейн. Ерекше сұлулық символы болған Джоселин пластикалық отаның барлық түрін қолданып көрген. Жұбайының көңілінен шыққаны келген швейцарлық ару қанша талпына да, ақыр соңы жалғыз қалды. Жасаған операциялары оны танымал қылғанымен, халық пластикалық оталардың ең сәтсіз мысалы ретінде ғана біледі. Жас Джоселин өте көрікті әйел болған. Бірақ енді ол жасаған олқылықтың орнын ештеңе толтыра алмайтынын есте сақтаған абзал.

XXI ғасырдағы өте өзекті мәселелердің бірі – дене бітімі. Салауатты өмір салтын ұстанушылар көп болғанымен, физикалық белсенділіктің күшіне сенбейтіндер жетерлік. Арықтауға арналған коктейль, препарат көп. Оны дәрігердің нұсқаусыз қабылдап, расымен артық салмақтан арылып жатқан жандар бар. Өкінішке қарай, құрамы тексерістен өтпеген кейбір дәрілер кері әсер етіп, арықтаудың бұл тәсілі де өлімге әкелген жағдайлар аз емес. Бұрын тек бетке жасалатын операция қазір дененің де сұлбасын келтіруге қауқарлы бола бастаған. Яғни, артық салмақпен күресіп жүрген жандар ұзақ уақыт бойы спортпен шұғылданып салмақ тастағанына, аз уақыт ішінде арықтаудың жолын іздейді. Дене бітімінің формасын өзгертемін деушілер арнайы операцияның көмегіне жүгінгені жатады. Алайда отаның орнында ұсқынсыз тыртық қалып, кейін жасыру мүмкін болмайтынын ескермейді.

Қорлан САРЫ

Басы 1-бетте

«Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша:

ТЕЛЕАРНА ӨЗ-ӨЗІН САҚТАП ҚАЛУ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

Тікелей эфир тілшіні шындай түседі

– С.Демирел атындағы университеттің профессоры, масс медиа және кино зерттеушісі Молдияр Ергебеков Facebook-та «Нұрбек Әмиша басшы болғалы бері Qyzylorda TV аймақ журналистикасының мықты үлгісін көрсетіп жүр. Өзге аймақтағыларға үлгі-өнеге болса екен. Жасап жатқан контенттерінің тілі, стилі, баяндау тәсілі заманауи, жеңіл әрі этикаға сай» деп жазды. Байқасақ, эфирдегі мамандардың бәрі бұрынғы кадр. Тележурналистердің потенциалын ашуға не әсер етті?

– Шығармашылық өкілдерінің әлеуеті бұрыннан жаман емес. Жалғыз жүріп ештеңе істей алмайсың. Әріптестерің қолдай білдіріп, жұмыла кіріссе ғана жақсы дүние жасалады.

Телеарнаға келгесін тележурналистермен, режиссерлермен, операторлармен бөлек-бөлек ақылдасып, кездесу өткіздік. Ұжымдағы әрбір қызметкер жұмыс барысы туралы 4-5 сұрақтан тұратын анкета толтырды. Бұл бағытымызды анықтауға, сапалы қызмет етуге, әрі қарай дамуымызға оң әсер етті. Соның нәтижесінде кейбір шығармашылық өкілдерінің жүктемесі өзгерді, бағдарламаларға да өзгеріс жасалды. Жалпы әр маман «шығармашылық потенциалыма сәйкес дүние жасап жатырмын ба?» деп өз-өзіне сұрақ қойып отыруы қажет.

Жаналықтарда көбіне тікелей қосылымдар жасауды жолға қойдық. Тікелей эфирде жұмыс істеу тілшіні шындай түсетін рас.

Жалпы, бұрынғы шығып жатқан бағдарламалар эфир кестесінде қалды. Кейбірінің форматын, атауын ауыстырдық, ребрендинг жасалды. Телеарнада «медиаөлшем» деген ұғым бар, рейтинг деуге де болады. Қызылордаға келерде соны ойладық. Телеарнаны қанша жастағы адамдар көреді, қай бағдарламаны қарайды, «prime time» қай уақыт? Бұл алдағы жұмыстарды жүргізу үшін өте маңызды сұрақтар еді. Аймақ телеарнасына рейтинг бұрын жасалмаған. Аутсорсинг компаниялар оны істеу үшін 3-3,5 миллиондай қаржы сұрады. Ондай қаражат жоқ. Сондықтан эфирде онлайн әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Эфирге бір айдай QR код қойып, сауалнама жасалдық. Бұл бағдарламаның нәтижелі болды. Сұрақтарымызға жауап алдық та, іске кірістік.

– «Қоңыр әңгіме» бағдарламасын айтыскер, ақын Нұрмат Мансұров, «Paidaly podcast»-ты кәсіпкер Ерлан Раймов тізгініндегі, Мұхтар Ниязовтың да «Қызық Орда» бар... Бағдарламаны жүргізетін адамға қойылатын талап бар ма?

– Эфирді сол саланың маманы жүргізу керек деген қағида жоқ. Негізі «Қоңыр әңгіме» бұрыннан бар бағдарлама. Ал «Paidaly podcast»-ты белгілі бизнесмен Ерлан Раймов жүргізеді. Мақсат – жас стартаптерге мотивация беру, кәсіп иесі болудың жолында үлкен қателіктер мен проблемалар бар екенін көрсету. Тәжірибелі бизнесмендердің өз ойларын айтуы өте қажет деп ойлаймын. Мұхтар Ниязовтың жобасы да жаман көріліп жатқан жоқ секілді. Мұхтар секілді сөз тапқыш, жылдам ойлы ақынның осы бір қасиетін қазір пайдаланып, қазақы әңгіме, ұтқыр сөздерді жазып алу бүгінгі және келер ұрпаққа керек деп ойладық. Байқасаңыз, «Қызық орда» көбіне қызылордалық қонақтар шығады. Себебі те сол, ел ішінде сөзді қасиет санайтын, әңгіме айта білетін, тігісін жатқызып сөйлейтін, жеңіл емес, ызалы күлкіні (көрерменге ой салатын) бағалайтын жандарды шығарып жүрміз.

Телеарнаны идеология құралы дегенді ұнатпаймын

– Еңбек жолыңызға қарасам, баспасөзде тілші, отандық телеарналарда редактор, аударма бюросында әдеби редактор, министрлікте баспасөз хатшы қызметін атқарысыз. Журналистиканың қай бағыты ерекше жақын?

– Қазір телеарна жақын. Қалған салаларда да жемісті еңбек еттім. Бірақ телеарна – командалық ойын. Бір хабарға ондаған адам жұмыс істейді, жасаған еңбегін ел алдында. TV медиакәсіптікте тәжірибе жинауыма үлкен септігін тигізді.

– «Дүние жамандардың жамандығынан емес, жақсылардың үндемеуінен бұзылады» дейді. Аукымды істің басында жүрсе де аудиторияның алдына шыққысы келмейтін, сұхбаттасудан қашақтайтын адамдар бар. Телеарнада мұндай жағдай жиі кездесетін болар... Олардың өз ойын іркіп



қалуына не себеп деп ойлайсыз?

– Әркімде жағдай әртүрлі. Дегенмен өңір тұрғындарында ішкі цензура басым. Өңірде нарық кішкентай. «Бастығым хабарласып қалар, жұмыстан шығарса, басқасын қалай табам?» деген оймен де айтарын жеткізбеуі мүмкін. Бізде бір адам бүкіл жағдайды өзгерте алатынына сенбейтіндей көрінеді. Посткөнестік елдердің бірі болғасын ба, «коллективизм» басым. Конформистік ыңғайға жығылу да бар. Көбі басқалардың ойын біліп, бірдей пікірде болуым керек деп есептейді. Негізі бір адамның әрекеті де нәтиже әкеледі. Бұған өнер адамдары, түрлі сала өкілдерінің жетістігі дәлел.

– Телеарна – идеология құралы. Сол қызметін дұрыс пайдаланып жүрміз бе?

– Телеарнаны идеология құралы дегенді ұнатпаймын. Кеңес заманындағы пропаганданың әсерінен туындаған ұғым сияқты. Меніңше, телеарна қазір өзін-өзі сақтап қалу үшін күресуде. Интернет жоқ кезде, телеарнаның ықпалды болғаны рас. Ал қазір өңірде отырып-ақ BBC, CNN-ді көре аласыз. Сондай бәсекелестік кеңістікте аймақтағы арнаның ахуалын қалай жақсартамыз? Осы сұрақ мазалайды мені.

Дегенмен аймақтық телеарнаның өзіндік артықшылығы бар. Біз көрерменнің кім екенін анық білеміз. Аудитория сұранысының да қандай екенін байқаймыз. Себебі Сыр халқының көбі ауылда тұрады. Сондықтан ауыл халқының не көргісі келетінін зерттеп, жобаларымызды көрерменнің қалауына лайықтап жасаудамыз.

– «Болашақпен» білім алу үшін таңдау нәліктен Ұлыбританияға түсті? Бұл елдегі білім жүйесінің басқа елден айырмашылығы қандай?

– Бұл жерде жас ерекшелігін де айту керек. 30 жастан асқаннан кейін баратын елдің қ а ш ы қ т ы ғ ы н а , оқудың ұзақтығына да мән беретінін рас. Ұлыбритания магистратурасында оқу уақыты – 1 жыл. Жұмыстан қол үзіп кетпеу үшін осы уақыт аралығы қолайлы болды. Екіншіден ол жақтан 6-7 сағат ішінде Астанаға ұшып келесің. Отбасың елде болғасын тым ұзап кетпеу де маңызды. Сондай-ақ Ұлыбритания «болашақтықтар» жиі таңдайтын ел тізімінде. Бұл да әсер етті. Ол жақта сабақ кестесін өзін таңдап, оқу уақытын да өзін белгілейсің. Тапсырманы неше күн ішінде орындайтының маңызды емес, бастысы, дедлайннан кешікпеу.

Көп уақытыңды кітапханада өткізесің, магистратура болғандықтан, зерттеуді көбіне эссе түрінде жазасың.

– Бүкіл ел сел мен сотты талқылап жатыр. Тасқынға дайын болмағанымыз белгілі. Ал екінші жағдай еліміздегі көп отбасының шын бейнесін көрсеткен секілді. Сіз қалай ойлайсыз?

– Иә, Бішімбақа қатысты сот барысын бақылап жүрмін. Бұл мәселеге сезіммен қарамауға тырысамын. Ол қоғамға танымал болғандықтан да резонанс туғызды. Әрине, қол көтеру, соққы жасау кешірілмейтін жағдай.

Аймақ аудиториясы ғана емес, шетелдегі қандастар көретін бағдарламалар жасау мақсатымызда бар

– «Жас тілшілер мәселеге терең үнілігі келмейді, жағдайды сараптай алмайды» деген пікір бар. Келісесіз бе?

– Бұған екі фактор әсер етуі мүмкін. Біріншісі, бұл мамандыққа бейім болмаса да, ойда-жолға түсіп кетіп оқуы. Екінші себеп – желідегі психология. «Журналистикада жұмыс істеу қиын, табыс табатын басқа кәсіпті таңдайын» деуі де мүмкін. Телеарнаға да практикадан өтуге студенттер келеді. «Болашақта қандай маман болғың келеді?» деп сауал қоямын. Сөз саптауы, жазуы, өз-өзін ұстауы жақсы болса, телеарнаға алып қалуға тырысамыз. Себебі әлі жас, басқа салаға қызығып кетіп қалуы да мүмкін. Заман талабы болар, көпшілік қысқа әрі нақты ақпаратты көріп-естігісі келеді.

– Алдағы уақытта көрерменді қуантатын қандай жаңалықтарыңыз бар?

– Жаналық көру үшін теледидарды қосқан көрерменді экран алдында ұстап қалу мақсатында «АуызTIMES» атты жаңа шығарылымды іске қостық. Тікелей эфирде журналист сол күнгі немесе аптадағы басты оқиға бойынша спикермен сұхбаттасады. Көбіне эфир сыртында жұмыс істейтін тележурналистің шыңдалуына бұл үлкен мүмкіндік. Көпшілікпен тікелей байланыс орнату шығармашылық әлеуетінің артуына, ой жинақтауына әсер етеді. Жаңалықтың форматы жаңарды, жүргізушілер тік тұрып жүргізеді. Байқауымызша, студиядағы өзгеріс те көрерменге ұнады.

«Құдайы қонақ» реалити хабарын жасадық, бұрын телевидение бармаған ауылдарға жол тарттық. Жүргізушілер еш бауырлаусыз тақсимен не пойызбен кез келген уақытта ауылға барады. Тіпті журналистерге «жолға шықтық» деп желіде stories-те салғызбаймыз. Ауылдың боямсыз бейнесі, тұрғындардың ақ пейілі, алғаусыз көңілін осы бағдарламадан көруге болады.

Жұырда «Параллель» атты жаңа бағдарлама жарыққа шықты. Жаңалық күнде өзгереді, ақпарат тез ұмытылады, ал бұл жобадағы мақсатымыз айтары бар азаматтардың көзқарасы мен пікірін алтын қорға жазып алып қалу.

«Кешкі show» басқа форматта жүргізілуде. Өңірдің әлеуетін көтеруге үлес қосып жүрген өзіміздің брендтерді танытатын «Қызылордада жасалған» бағдарламасы да жаңа бағытта көрерменге жол тартты. Сондай-ақ «Qyzylorda» арнасының Байқоңырдағы өкілдігі ашылды. Тікелей, эксклюзивті ақпаратты бүгінде басқа арналар бізден алып таратуда. Бұл қаладағы ақпараттық қауіпсіздік үшін маңызды деп есептейміз.

Мен жалпы «аймақтық арна», «өңірлік журналистика» деген айдарларды онша қуаттай бермеймін. Журналистика біреу, оның принципі біреу, ол – ақпарат беру. Ал аудитория кабельдік операторлар, уеб сайт арқылы онлайн немесе әлеуметтік желі арқылы әлемнің кез келген нүктесінен сені көре алады. Сондықтан өңірлік деңгейде қалып қоймай, әлемдік трендтерді қолдану, аймақ аудиториясы ғана емес, шетелдегі қандастар көретін бағдарламалар жасау мақсатымызда бар. Біздің бағдарламаларды көретін қандастар көп. Оны желіге салынған бағдарламаларымызға деген алыстағы қандастарымыздың фидбэкі, пікірі, тіпті қырғыз ағайындардың комментарийлері арқылы байқап отырымыз. Сондықтан өңірмен шектелу мүмкін емес деп ойлаймын.

Осылайша ойға алған жұмыстарымыздың аз бөлігі орындалды деуге болады. Алдағы уақытта жаңа форматтағы жобалар жүзеге аспақ. Бастысы көрерменіміздің көңілінен шығып, сұранысын қанағаттандырсақ, еңбегіміздің еленгені деп білеміз.

– Телеарнаға жаңа ғимарат салынуы мүмкін бе?

– Қазіргі ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізу жоспарда бар.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен
Айдана
ЖУМАДИНОВА



ҚАЗАҚТЫҢ қаһарман ҚЫРАНДАРЫ

Адамзат баласы бұл дүниені арманның арқасында құрды деген пайым бар. Кезінде аспандағы құсқа қарап «менде ұшсам екен» деп қиялға ерік бергендердің арқасында бүгін сол көкті бағындыруға шамамыз жетті. Қазақ қилы заманды бастан өткеріп, еліміз талай кезеңдерді артта қалдырды. Соның бірі – соғыс жылдары. Осы орайда көкті бағындырған қазақ ұшқыштары туралы шолу жасағанды жөн көрдік.



Сын сағатта кез келген Кеңес одағының азаматы майданға аттанып, елін қорғау міндеттелді. Қаншама жан оққа ұшып, аяусыз мерт болды. Бұл – жерде жүргендердің кешкен азабы болса, көкте ұшып, жаудың бетін ойсырата қайтарғандардың жағдайы едәуір мүшкіл болатын. Алайда аспанда айласын асыра білген бірнеше қазақ ұшқыштары ерен еңбегі үшін жоғары бағаланып, заман батыры деген атаққа ие болды.

Талғат Бигелдинов – Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жауға көк аспанда қалықтап жүріп, ержүректікпен тойтарыс берген тарихи тұлға. Т.Бигелдинов соғысқа аттана салысымен фашистік «мессерді» құлатып, жеңіліс таппаған. Соғыс жылдарынан соң небәрі 35 жасында авиациямен қош айтысқан батыр Талғат ұшақ басқармаса да, осы сала аясында көптеген жыл қызмет атқарды.

Соғыстың 2,5 жылында ұшқыш 305 рет әуе көлігін ұрысқа көтеріп, бес ұшақты өзі және екі ұшақты топ құрамында болып атып түсірді. Әуеден 20-дан астам танкті, екі локомотивті, техникасы мен тірі күші бар вагондарды, сондай-ақ бірнеше артиллериялық қондырғылардың көзін жойған. Шығыс Еуропадағы қалаларды азат еткені және Берлинді алғаны үшін Бигелдинов екінші рет "Алтын Жұлдыз" медалімен марапатталды.

Қатардағы жауынгер Талғат Бигелдинов соғыс соңы Халық Қаһарманы атағымен тәмамдап, ең ержүрек майдангер атанды. Батырдың құрметіне Ақтөбелегі әскери оқу орнына аты беріліп, ол туралы кино да түсірілді. 2014 жылдың күреш күзінде батыр ата мәңгілік сапарға аттанды. Ердін есімі елдің есінде болатыны хақ.

Хиуаз Доспанова – Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтан шыққан жалғыз әйел-ұшқыш. Жауынгерлік рухы жоғары, қайсар Хиуаз балалық шағынан ұшқыш болғысы келген. Оқинштісі, батыр қыз туралы көбісі біле бермейді. Немістердің жүрегіне үрей ұялатқан қызыл әскер ұшқышы Доспанова «сүнгі мыстан» атанған деседі. Олай деудің себебі, түнде 102 рет ұшу операциясын жүргізіп, 15902 келі әртүрлі калибрлі бомбаларды тастаған. Сол айласы арқылы фашистік әскерлерге қырғандай тиіп, тасталқан еткен. Жалпы 300-ден астам ұшу операциясын жүргізген.

Соғыс сұрапылы Хиуаздың денсаулығын нашарлатса да, майданнан кейін Халық Қаһарманы билік басында болып, ел жанашыры атанған. Біз батыр Хиуаз Доспанова және өзге де соғыс ардагерлерінің жауынгерлік ерлігін әрқашан жадымызда сақтап, бейбіт күннің қадірін жоғары бағалай бермекпіз.

Дүниежүзілік соғыс күнтізбемізде ойып орын алды. Дегенмен өмір жалғаса берді. 1961 жыл – әлем тарихындағы айтулы күн. Адамзаттың ең үздік жетістіктерінің бірі – көкке ғарыш кемесін көтеріп, аспан әлеміне сапарлауы. 1961 жылы 12 сәуірде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан тұңғыш рет Юрий Гагарин ғарышқа ұшты. Ал тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы ғарышта 7 күн болып қайтты. Ол Кеңес одағының батыры, Қазақстан Халық Қаһарманы, авиация генерал-майоры. Саяси-қоғамдық істерге белсене қатысып, халық жанашыры атанды.


Талғат Мұсабаев – Қызыл кітапқа енген қазақ ғарышкері. Ғарышқа 3 рет аттанып, бірінші рет ұшқанында 125 күн, екінші рет 207 күн, ал үшіншісінде 7 күн болған. Космосқа өзмен бірге Қазақстанның туын, Байқоңыр ғарыш айлағының бір ұыс топырағын және Құран Кәрімді алып ұшқан.

Қазақтың 3-інші ғарышкері – Айдын Айымбетов. Қазақстанның халықаралық аренадағы дәрежесін көтере білген ғарышкер Айдын Ақанұлы – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш ғарышкері. Ол космоста болуды 22 жыл бойы күтіп, 2015 жылы ғарышқа аттанды. Ғарыш кеңістігінде 10 күн болып, айтулы зерттеу жұмыстарын жүргізді.

– Ғарышқа ұшу мүмкіндігі миллиондаған адамның ішінде маған бұйырғаны үшін тағдырға ризамын. Ғарышта алған білім мен тәжірибемді ел игілігіне тиімді пайдалану – азаматтық және адамдық борышым, – дейді Халық Қаһарманы, ғарышкер Айдын Айымбетов.

Нұршат НЫШАНОВА

Әлемдегі ең үлкен жолаушылар ұшағы – Air-bus A380. Оның үлкендігі сонша бір рейсте 850 жолаушыны тасымалдай алады. Алғашқы коммерциялық рейс 1914 жылы 1 қаңтарда АҚШ-тың Санкт-Петербург және Тампа қалалары арасында жасалды. Уақыт бойында ең ұзақ рейс – Сингапурдан Нью-Йоркке дейін, ол шамамен 18 сағатты алады. 1923 жылы құрылған Аэрофлот – әлемдегі ең көне авиакөлемдерінің бірі, ол әлі күнге дейін тұрақты халықаралық рейстерді басқарады. Стоардесса Хелен Бертран 1930 жылы жолаушылар ұшағында жұмыс істеген алғашқы әйел



ТІКҰШАҚ ТІЗГІНДЕГЕН нәзік Жан

Басы 1-бетте
– Ақерке ханым, сұхбатқа келіскеніңіз үшін рақмет! Өзіңіз туралы айтып беріңізші.
– Негізі туған жерім – Алматы. Мен дүниеге келген соң ата-анам әкемнің туған жері Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданына қыдырып барады. Сол сәтте есімім Рахимадан Ақеркеге және туған жерім Ордабасына ауысып кеткен. Сондықтан Оңтүстік Қазақстан облысының тумасымын деп айтамын. Бірақ бұл жағдай маған ешқандай келергі жасамайды.

– Сұхбаттарыңыздың бірінде «Авиацияны мүлде армандамаппын» деген екенсіз. Бұл салаға қалай келдіңіз?
– Бала кезімнен болашағымды әскери, полиция, заңгер, дипломат деген секілді саламен байланыстыратынымын. Алайда мектеп бітіруші түлек атанған жылы сыныпқа егде жастағы, бойы орташа, сары торы орыс ата кіріп, ағылшын тілінде әдемі сөздер айтты. Ағылшынша сөздерден кейін орыс тілінде ДЮСААФ оқу жаттығу орталығында Як-52, Як-18Т ұшақтарымен теориялық және практикалық тәжірибе алуға үгітті. Бірақ бала Ақеркенің ойы ағылшын тілінде болды. Осылайша анаммен ақылдасып оқу-жаттығу орталығына бардым. Өлгі әдемі сөйлеген егде жастағы ата Ұлы Отан соғысының ардагері, Нормандия Неман шайқасына белсенді қатысқан ұшқыш аға командир Жовтый Валерий Леонтьевич екен. Айтқан әңгімесін тыңдап, авиация саласына қызығушылығым арта бастады әрі ойымды аспанмен елкіртді. 9 айлық курсты тәмамдаған соң ұшаққа отырып, бірінші рет әуеге көтерілдім. Қорқыныш, үрей, толқу, қуаныш пен шаттық қатар жүрді. Бір рет ұшқаннан кейін бұл салада қызмет еткім келетінін түсіндім. 11 сынып бітіруге аз қалғанда әскери комиссариатқа барып өзімді жойғыш ұшақтар ұшқышы ретінде сынап көрейін дедім. Бірақ әскери комиссариат «Қыздар ұшпайды, қыздарға бұл жерде орын жоқ» деп шығарып салды. Мен енесемді түсірмей, аға командир Валерий Жовтыйдың



нақты максималды әрі минималды жылдамдықпен қоғалады. Негізі крейсер жылдамдығы 200-230 км/сағ. Ми-8 тікұшағы 6000 метрге дейін биіктікке көтеріле алады.

ҒАРЫШ ҒАЛАМАТЫ

Ертең – бүкіләлемдік авиация және космонавтика күні. 1961 жылы көкек айының бұл күні Юрий Гагарин ғарышты бағындыруға аттанып, тарихта аты қалды. Содан бері 63 жыл өтті. Мереке қарсаңында аспан әлемімен ағасып жүрген авиация мамандары мен ғарышкерлер туралы қызықты фактілермен бөлісе өтейік.

болды. Boeing 747 бастапқыда әскери-көлік ұшағы ретінде пайдалануға арналған, бірақ кейіннен ең танымал жолаушылар лайнерлерінің біріне айналды. Ғарышта болған алғашқы адам кеңестік ғарышкер – Алексей Леонов. Бұл сапар 1965 жылы 18 наурызда Восход-2 миссиясы кезінде болды. Юрий Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде «Восток-1» кемесімен ғарышқа ұшқан алғашқы адам. Оның ұшуы 108 минутқа созылды. Астронавт Джон Гленн 1962 жылы 20 ақпанда «Достық-7» кемесімен жерді айналып өткен алғашқы американдық. Валентина Терешкова алғашқы әйел ғарышкер болды. Ол 1963 жылы 16 маусымда «Восток-6» кемесімен ұшты. Ғарыштағы ең ұзақ ұшуды ресейлік ғарышкер Валерий Поляков жасады. Ол 1994-1995 жылдары Мир станциясындағы миссия кезінде орбитада 437 күн, 17 сағат 58 минут өткізді. Крис Халдфилд 2013 жылы Халықаралық ғарыш станциясында болған кезде Дэвид Боудин «Спрэе Oddity» әнінің мұқабалық нұсқасын жазғаны үшін бүкіл планетаға танымал болды.

Нұршат НУРЛЫБЕКҚЫЗЫ

– Ұшуға дейінгі дайындық процесінің ең басты әрі маңызды талабы – метеобакылаумен танысу. Қанша жерден әуе көлігі, экипаж мүшелері дайын болғанымен, бірақ метеорологиялық бақылау кезінде ауа райының құбылуы, бұлттың қалыпты деңгейден тыс биіктігі, горизонттық көрінісі не болмаса желдің жылдамдығы жоғары болса, ұшуға рұқсат берілмейді. Әрине, ауа райын толық зерттеп ұшқан сәтте де бағыт бойынша күтіммен жағдайлар да орын алады. Егер ол жерді айналып өтуге, кері қайтуға мүмкіндік болмаған сәтте қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында жарамды нысанды анықтау, қонуға тырысамыз. Дер кезінде қабылданған дұрыс шешім апаттық жағдайдың алдын алады.

– Қоңбалалы аясыз. Отбасылық өмір мен жұмысты қатар алып жүру қиын емес пе?
– 2009 жылы «Қазавиақұтқару» мекемесінде жолдасым Азамат Сұлтанұлымен таныстым. Ол кезде басты әуе инженерінің бірі болды. Жұмыс барысымен Шымкент қаласына бірге бардық. Сол іс-сапар біздің болашағымыздың баспалдағы болды десем өтірік болмас. 2010 жылы отбасын құрып, тұңғышымыз ұлым Мүсілім дүниеге келді. Бала тәрбиесінде ананың рөлі зор екенін білеміз. Екінші сәбім Әмина 1 жасқа толғанда анам «Үйде отырып қалма! Қызым, сен әлі жасың. Анау-мынау емес, ұшқышысың» деді. Қайын енемнің қолдауының арқасында тікұшағым қайта орандым. Бір әулеттің келіні, аяулы жар, ардақты ана рөлімен қатар әуе маманы болуым қиынға соқпады. Дамуым мен жұмыс істеуіме мүмкіндік берген қолдаушыларым алғысым шексіз.

– Жас ұшқыштарға, авиация саласына келгісі келетін нәзік жандарға қандай кеңес бересіз?
– Қазір жас ұшқыш саны артып келеді. Сол себепті оларға айтарым мақсатыңа жетпейінше алған бетіңнен таймау қажет. Физика мен алғашын тіліне назар аударып, жан жақты болу керек. Ең басты керегі өзіңе деген сенімділік пен мықты денсаулық.
– Авиация сіз үшін...
– Авиация мен үшін бойымдағы тамырдың бірі. Әр сәт мен үшін маңызды.
– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Әлия ТӘЖІБАЙ

Аясы кеңейген АНА ТІЛІ

Қазақстан – көп ұлтты бауырына басқан мемлекет. Елімізде шоғырланған өзге ұлт өкілдері қушағы кең қазақ елін тек қоныс көрмей, отанындай сыйлайды. Дәлел – мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін әрі салт-дәстүрді жетік меңгергендер көбейген. Осы орайда қызылордалық Елена Пак және Дильфура Байраhtarовамен оқырманды таныстырғанды жөн көріп отырмыз.

ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН БІРГЕ ТУДЫМ



Дильфура Байраhtarова Қармақшы ауданы «III Интернационал» ауылында дүниеге келген. 25 жылдық еңбек өтілі бар мұғалім №108 орта мектебінде тарих-география пәнінен дәріс береді.

– Қазақ тілін қалай үйрендіңіз?
– Қазақ тілін үйрену үшін арнайы сабақ өттім деп айта алмаймын. Себебі қазақ тілімен бірге тудым. Кішкентайымнан ана тілімдей болып кетті. Мектеп пен жоғары білім ордасында да орысша білім алдым. Дегенмен ортам, айналам қазақы болды. Сол себептен бе, осы тілді еркін игердім. Мемлекеттік тілде сүйсіне кітап, журнал мен газет оқимын.

Ауылда 14 түрлі өзге ұлт өкілі тұрды. Мен орыс, түрік, қазақ тілінде еркін ойымды жеткізе аламын. Бұдан бөлек өзбек, кәріс ағайындарын түсінемін. Кәріс тілі жабық тіл, сондықтан үйрену оңай емес. Бірақ сөздерін түсінемін.

– Қазақ тілінде сөйлейтін өзге ұлт өкілін көргенде танықтайтындық көп пе?
– Менің ойымша бұл таңғалатын жағдай емес. Қазақстанда өсіп-өнген соң ол – парыз.

– Қазақ тілін білетіндігіңіз сізге қаншалықты көмектесті?
– Жоғарыда айтқанымдай, мемлекеттік тіл білу – азаматтық борыш. Қазақ тілінде еркін сөйлеуімнің көмегі тиген сөздер көп. Студенттік шақта ұстаздарым риза болатын. Кейіннен қоғам белсендісі атандым. Жұмыс, кездесу мен мінберлерде сөз сөйледім. Мемлекеттік тілді меңгеру арқылы 2021 жылы облыстық мәслихат депутаты, 2023 жылдан бастап Қармақшы аудандық мәслихатының VIII шақырылым депутаты атандым. Жетістіктеріміздің барлығы ана тіліме айналған қазақ тілінің арқасы деп ойлаймын.

ХАКІМ АБАЙДЫҢ 120 ӨЛЕҢІН ЖАТҚА БІЛЕТІН КӘРІС ҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Шилі ауданы, Ақмая ауылында дүниеге келген Елена Пак №49 орта мектепті үздік аяқтаған соң, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде филология мамандығын тәмамдаған. Бүгінде «Қоғамдық даму басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» КММ-де жұмыс істейді.

– Қазақ тілін меңгеруде қиындық болмады. Еркін сөйлеуіме ауылдағы қазақ балалары мен мұғалімдердің қосқан үлесі зор. Ата-анам кәріс ұлтының өкілдері. Ол кісілер қазақ тілін жақсы түсінеді, алайда таза қазақша сөйлей алмайды. Әрине, қай қоғамда өмір сүрсек те адамзаттың басты қатынас құралы саналатын тілдің маңызға ие екені белгілі. Бірнеше тілді еркін меңгерген адамның білімі мен дүниетанымы да кеңейе түсетіні рас. Тіл білгендіктен кез келген ортада емін-еркін сөйлей, ойымды жеткізе аламын, – дейді кейіпкер.

Еленаның айтуынша, мектеп қабырғасында дәстүрлі түрде өтетін ақындар оқуларына жиі қатысқан. Поэзияға жақын болған соң қазақ тілінде өлең жаттау жеңіл және өлеңдер есінде мықтап сақталған.

– Ұстазым Бибігүл Сұлтанованың арқасында республикалық деңгейге дейін жетіп, жұлдызым жанған сөздер болды. Хакім Абайдың 120 өлеңін жаттағанмын. Сол кездегі басты мақсатым жаттаған өлеңдердің максималды санына жету болды. Есейе келе туындының мағынасына мән беріп оқитын болдым. М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Қ.Сарин, А.Елгезек ағаларымыздың да шығармашылығын жақсы көремін.

Қазір қазақ тілінде сөйлейтін өзге ұлт өкілдеріне таңғалатын адам жоқ секілді. Себебі мемлекеттік тілді трендке айналдырып жүрген өзге ұлт өкілдері, блогерлер мен тіл жанашырлары көп,



Әлия ТӘЖІБАЙ

Бала Әлімжанның арманы сол бір аядай ғана Қарақұм ауылының атын республикаға таныту еді. Қазір ойлап қарасам, ол менің мақсатым екен. Мақсаттарым орындалды, ал армандарым көп. Өнші болып қалыптасам деген арманым жартылай ғана орындалды деп айта аламын. Себебі өншілік өнер деген өмір бақи адамның жан-дүниесінде дамып отырады. Көпшілік үшін өнші атану мен кәсіби деңгейде өнші болу деген екі бөлек дүние. Сондақтан әлі күнге дейін колледждерге, консерваторияға барып, вокалдың түрлі техникасымен айналысып тұрамын. Бұйырса, бала Әлімжанның армандары орындалып келе жатыр.

– «Талант – қаннан даритын қасиет» деп жатады. Тегіңізде өншілік өнер бар ма?
– Әкем жағында өншілік болса, анам жағында ақындық бар. Әкем де, анам да көп ағайынды, шүкір. Барлығы да өнерге жақын жандар. Әкемнің қарындастары, інілері түрлі музыкалық аспапта ойнайды, ән айтады. Уақытында ауылдың тойын басқарып, талай қызықшылығында өнер көрсеткен кісілер. Нағашыларым да көпшілік қауым ішінде сөз сөйлесе үйіріп әкететін жандар. Содан да болар қаннан келген қасиет бар. Менің ізімнен еріп, өнерге қадам басып келе жатқан Хабиболла, Батырхан есімді талантты інілерім бар. «Қазақстан дауысы» секілді жобаларға қатысып, қазір Чайковский атындағы музыкалық колледжде эстрада-вокал мамандығы бойынша білім алуда.

– Алдыңыздағы аға буыннан кімдерді және олардың қандай қасиеттерін үлгі тұтасыз?
– Жалпы, жасы үлкеннің бәрін аға дейтін азаматтардың қатарынан емеспін. Дегенмен барына кішіпейілдігімізді танытып, «аға» деген асыл сөздің қаймағын бұзбауға тырысамыз. Өзімнің Ғалымжан, Қайыржан есімді туған ағаларым бар. Солар менің нағыз қорғаным деп айта аламын. Ал, өнердегі ағаларға келетін болсақ, жақын сыйласатындарым өте аз. Өлгіңде айтып өткенімдей, барлығын бірдей «аға» деуге келмейді. Өзімнің өнерде сыйласып жүрген аға буын өкілдері жайлы айтсам, Тоқтар аға, Өмірқұл аға, Мейрамбек аға, Сәкен аға бар. Әлеуметтік желі беттерінде ағаларыммен бірге елдің көзіне түспесем де өмірде жақын тұтып, құрметтілігім осы кісілер. Әсіресе Алматыға келген шағымда құшақ жая қарсы алып, өзінің ағалық пейілін көрсеткен жандардың бірі Өмірқұл Айнисязов болатын. Өмірқұл ағаны өзім ұстазым тұтам, ол кісі мені шәкіртім дейді.

– Қателеспесем, студенттік шағыңыздан авторлық әндеріңізді жарыққа шығарып, өз жолыңызды қалыптастыра бастадыңыз. Осы жолда «ауыр жылдар» деп еске алатын қиын кезеңдер болды ма? Сол бір кезеңдер жайлы айтып берсеңіз.
– Иә, 2012 жылы Алматы қаласына арман қуып келіп, Ж.Елебеков атындағы республикалық Эстрада-Цирк колледжіне жеке ән салу, опера мамандығы бойынша оқуға түстім. Үш жыл осы оқу орнында білім алдым. Оны тәмамдап, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясына оқуға түстім. Сол уақыттан бастап авторлық әндерге қызығушылығым оянып, ең қиыны, өз салаңнан табыс таба алмай екен. Жеке авторлық өнімді жарыққа шығару үшін асабалықпен айналысқан кездерім болды. Өзімді қинап, той басқарып, түрлі мәтін жаттадым. Кей тойларды дұрыс басқара алмағандым үшін ақысын ала алмай, орнына сарқыт ұстап қайтқан күндерім де болды.

2017 жылдан бастап жиған-терген қаражатыма ән жаздыра бастадым. Ең алғаш «Анажаным», «Жанарың-ай», «Бағала», «Ботам, ботам», «Қазақстаным» деген секілді туындыларды жарыққа шығардым. Өзімді, бағытымды таба алмай жүрген дәл осы кезеңдегі әндерімнің көбі көңілді, той әндері болды. Себебі басты мақсат қаржылық қиындықтарды шешу еді. Өнер жолындағы қызығым мен шығым осылай.

– Өнер саласында өзіңізді мазалайтын, толғандыратын мәселелер бар ма?
– Өнер саласында мені мазалайтын нәрсе – мәнді, мағыналы әндердің аздығы, халықтың бүгін тыңдап, ертең ұмытылып кететін әндерге әуестігі. Қазір өншілер өздері сазгер, өздері ақын болып кетті. Өншімен нағыз ақын-сазгер арасында тұрақты бір байланыс жоқ. Сол байланыстың жоқтығы ертең эстрадаға өзінің әсерін тигізе ме деген ойлар мазалайды. Бірақ қолымнан келгенше тыңдарман қауымға мағыналы әндерді ұсынсам деген ниетім бар.

МАҒЫНАЛЫ МУЗЫКА ЖАНЫМА ЖАҚЫН

– Репертуарыңызда қазір қанша ән бар?
Алда қандай бағыттағы туындыларды жарыққа шығаруды жоспарлап отырсыз?
– Репертуарымда қазіргі таңда қырықтан астам ән бар. Оның көп бөлігі – лирикалық әндер. Ішінде көңілді әндер де бар. Дегенмен әуені ойнақы әндерім ел арасында кеңінен таралған жоқ. Ал лирикалық әндерім қандай отырыс, қандай жиын болсын талантты қыз-жігіттердің орындауында айтылып жүр. Оған да шүкір айтамын. Алдағы уақытта әке жайлы әнімді жарыққа шығаруды жоспарлап отырмын, одан кейін махаббат тақырыбындағы әндер бар. Жалпы, мағыналы дүние ұсыну мақсатында тоқтаусыз жұмыс істеп жатырмыз.

– Он жылдан кейінгі Әлімжанды қалай елестетесіз?



– Он жылдан кейін Құдай қаласа қырыққа қадам басады екенмін. Отызда орда бұздым, қырықта қамал алғым келеді. Өзім академиялық вокалда білім алғаннан кейін, балаларды тәрбиелеп, вокалдан білім беретін және түрлі музыкалық аспаптарды меңгеріп шығатындай өнер орталығын ашсам деймін. Яғни, он жылдан кейінгі Әлімжан бір жағынан өнші болса, бір жағынан жақсы маман болады, Құдай қаласа!
– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Аружан ОРАЛБАЙ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен үшінші рет Атырау қаласында өткізілген Ұлттық құрылтай Ұлттық синатка ие. Осы ретте жастар арасында мемлекеттік тілді дәріптеу аясында ұйымдастырылатын тіл айлығы туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өткен болатын. Жиын барысында облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы, тіл жанашыры Ансат Сәдуақас, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары Қорған Өтегенов қатысты.

ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІ – ХАЛЫҚТЫҢ ТӨЛҚУЖАТЫ

Құрылтай отырысында Президент ана тілдің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тілдің тұғырын нығайта беру керектігін мәлімдеді. «Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық» – деп атап өткен болатын.

Мемлекеттік тіл – қазақ елінің басты ұлттық қоды.

Қандай мемлекет болсын, ондағы мемлекеттік тілдің өмір сүріп, қызмет етуінің негізгі шарттарының бірі – тілді қолданушылар санының жеткілікті болуы. Бүгінде елдегі халықтың 70%-ын қазақ ұлты құрап отыр. Біздің өңірде 96,1%.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне не болып отырған қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондық қатарында.

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуден басталады. Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың бол-

мысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары.

Халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Осы орайда, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы – наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жыл – «Руханият жылы» деп жарияланды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасак, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе, мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Қазақтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» – деген болатын. Олай болса, тіліміздің тұғыры биіктей берсін!

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ



МЫҢ АЛҒЫС сізге, мейіргер!

Адам баласы болған соң басың ауырып, балтырың сыздайды емес пе? Ең өкініштісі, қазір аурудың көбейіп кетуі және жас талғайтындығы. Осы жылдың 5 ақпанында қызым Көркем Әділханқызы Әжіманмен облыстық тері-венерологиялық диспансерінің «Тері» бөліміне түскен болатынбыз. Бөлімге келгеннен аурухана мейіргерлері қызымның барлық жағдайын жасады. Дәрігер қабылдауынан кейін мейіргер дер кезінде жақпа май мен екпелерін қолданып, ем-шараларын бастап кетті.

Қызымның тері ауруының емін осы диспансерден таптық, сол үшін қуанамын. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген ғой, ал ауырып қалып емін тапқанның өзі бір қуаныш. Диспансердің медициналық персоналдарының ішінде мейіргер Салтанат Ануарбекқызы Оспанованы ерекше айтып өткім келеді. Салтанат Ануарбекқызының науқастармен қарым-қатынасы өте жақсы. Қызым айтады «салған екпелері тіпті сезілмейді, қолы өте жеңіл екен» дейді. Риза болдым, медицинада осындай кішіпейіл, ақжарқын мінезді мамандар көбейе берсін. Бүгін ауруханадан қызым ауруынан толық айығып шықты. Шүкір Аллаға, бізге ем болды! Диспансердегі барша науқастар аман-есен, құлан-таза айығып отбасына оралуына тілектеспін. «Тері» бөлімінің барша дәрігерлері мен мейірбикелеріне аналық алғысымды білдіремін.

А.ШАУЕНОВА, анасы

ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК

“Апатай-ау, ұлыңыз жігіт болды, жас кеуде. Бағанды бер, мен бүгін аттанамын әскерге”. Бұл өлең жолдарынан әскерге баруға асыққан жас жігіттің қуанышы байқалады. Әрбір жігіт осылай ата-анасының батасын алып, елін қорғау мақсатында әскери борышын өтеуге аттанады. Өткен, сол үміт жетелеп кеткен кейбір жас жігіттер өмірімен қош айтысып, қыршын кетіп жатыр. Мұндай жағдайды көріп отырып, кім ұлын әскерге жіберсін?...

“Әскерге ұлыммен еріп барамын”. Бүгінде көпшілік ортада аналар әзілдеп айтса да ойындағысын айтып жүр. Себебі әке мен ана әскерге кеткен ұлын қарсы алудың орнына, табытын әкелетін жағдай көбейді. Бүгінде ақпарат құралдарынан осындай жағымсыз жаңалықтарды жиі байқаймыз.

Быттыр сәуір айының соңында әскерде көз жұмған маңғыстаулық жас сарбаздың өлімі туралы хабар қоғамда үлкен резонанс тудырды. Сол жылы сәуірде 18 жастағы Әлібек Қалбай әскерге аттанған. Ал 10 күннен кейін ата-анасы



ұлының қайтыс болғаны туралы хабар алады. Айтуға оңай. Алайда үлкен қасірет.

Әскердегі әлімжеттік туралы естіген ата-аналар ұлдарын Отан алдындағы борышын өтеу мақсатында жіберуге қорқатынын жарысып жазуда. Жоғарыда аталған өлімнің себебі өз-өзіне қол жұмсау деп түсіндіреді. Әскерде өз-өзіне қол жұмсайтындай не қиындық көреді? Мұның анығы айтылмайды. Қашанғы құпия қылмыс жас сарбаздардың өмірін қия береді?

“Сарбаздың өз-өзіне қол жұм-

сауы іштегі жалпы тәртіптің ақауынан болады” деген пікірлер бар. Қайғылы оқиғалар осындай жағдайдың көптігінен орын алды ма, кім білсін?...

Қазіргідей алмағайып заманда әр сарбаздың тағдыры маңызды. Сарбаздар адамшылықтан адаспасын, басшылар да ақиқаттан аттамасын.

Арайлым
ҚУАНЫШБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ



Алты алаштың басы қосылса, төр – ұстаздікі. Ғасыр өтсе де, жыл өтсе де бұл сөздің құны жойылмаған. Қай уақытта болсын аяулы мұғалімнің орны ерекше. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі», – деп ағартушы, қазақ жерінде ең алғаш мектеп ашқан Ыбырай Алтынсарин айтпақшы, ұстаздарды оқушының тірегі, болашақ ғалым мен шахтерді, ел азаматын тәрбиелейтін тұлға деп есептейді.

Ғұмырындағы білім баспалдағының дұрыс қалануы жақсы, білікті ұстаздың тәліміне тікелей байланысты. Болашағыма нық қадам жасауға мықты иммунитет қалыптастыра білген, мен үшін үздік ұстаз – Ляззат Сейлханова. 1993 жылдан бастап Арал аудандық №220 орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен білім берген ұстаз әрбір оқушының өмірлік жолында үлгі болды. Өз қолынан бірнеше сыныпты үлкен өмірге шығарып салып, барлық шәкіртінің алғысына әлі күнге дейін бөленуде. Аудандық, облыстық, республикалық ғылыми жоба, іс-шараларға өзі дайындаған шәкірттері биік белестерді бағындырып келеді. Өз мамандығына деген шексіз сүйіспеншілігі әрбір оқушының жүрегіне жол таба білді. Ешқашан мазмұнсыз дүниелерге бой алдырмай, салмағы бар

сөзді дүниетанымымызға жетуіне сарп етті.

Әрине, сабақтың жақсы өтуін бағалауға деңгейім жетпесе де, ұстазымның әрбір өткен сабағы өте жоғары құлшыныспен тыңдалатыны анық. Тіпті Ляззат Оқтябрқызынан үлгі алып, орыс тілі мен әдебиеті пәнін таңдап, аяулы ұстаз болғысы келетіндер қаншама. Ал ұстаз үшін үлкен мәртебе осы емес пе?

«Егер мұғалімде тек өз ісіне деген сүйіспеншілік болса, ол жақсы мұғалім болады. Егер мұғалімнің әкесі немесе анасы сияқты шәкіртіне деген сүйіспеншілігі болса, ол барлық кітапты оқып шыққан, бірақ жұмысты да, шәкірттерді де сүймейтін мұғалімнен жақсырақ болады. Мұғалім өз ісі мен шәкіртіне деген сүйіспеншілікті біріктірсе, ол – кемел ұстаз». Орыс халқының жазушы, ағартушысы Лев Толстойдың осы бір тіркесі құдды бір Ляззат апайға арналғандай. Әрбір баланың жүрегінен орын тауып, білімге құштарлығын арттыру мұғалімнің жетістігі. Осындай жетістікке жетудің сырын сұрағанымда, ұстазым былай деп жауап берді:

«Ең алдымен өз сүйген ісінді істеу керек. Ал жақсы көрген жұмысың саған тек ғанибет сыйлайды. Маған әрбір оқушының білім алып қана қоймай, тәлім-тәрбие алғаны да маңызды. Өмір ақ пен қарадан тұратындықтан, сынақтардан мүдірмей өтуге дайындау – менің міндетім. Ал сол міндетімді атқарып жүріп-ақ жетістікке жетуіме болады», – деп ұстаз атаулының балаға ерекше мейірандылықпен қарау керек екендігін жеткізді.

Кемел елдің келешегінің іргетасын қалау үшін, ақылды, білімді ұрпақ аса қажет. Аяулы ұстаздарымыздың арқасында ел игілігі жолында еңбек ететін тұлғалар көбейді деп сенеміз.

Нұрсұлтан РЫСҚАЛИЕВ,
№220 орта мектебінің түлегі,
Арал қаласы

ҚОҒАМНЫҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫ – ЖЕМҚОРЛЫҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекетіміздің қолға алған мәселесінің бірі. Оның алдын алу үшін атқарылған жұмыс аз емес.

Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам. Саламатты өмір – паракорларсыз өмір. Мықты мемлекет – жемқорларсыз ел. Ата-бабаларымыз да «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар би-шешендердің өмір жолынан, тарихтан білеміз.



Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменімен алысумен пара пар. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынына куә болуы керек. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздеріне қарсы, құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының, әрбір сала қызметкерлерінің азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Архив ісі саласында мемлекеттік қызметкерлерге қажетті қызметтер көрсету қажеттігін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы бұйрығына сәйкес архив саласындағы қызметкерлерде осы сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметке сәйкес архив кеңсесінде тұтынушылар үш жағдайда сұранысын орындай алады. Біріншісі қызмет алушылар архив кеңсесіне келіп, өзіне қызмет көрсету бұрышынан ала алады, e-gov.KZ электрондық веб-порталы арқылы және ХҚКО ақпараттық жүйесі арқылы ала алады. «Айшылық алыс жерлерден, көзінді ашып жұмғанша, жылдам хабар алғызды» деп Ыбырай Алтынсарин өлең жолдарына қосқандай, осы порталдарды Қазақстанның кез

келген аумағында отырып қолдана алады. Сонымен қатар біздің өңірде қызмет атқарып, кейіннен шет елдерге көшіп кеткен отандастарымыздан, атап айтсақ Ресей, Украина, Қырғызстан, басқа да ТМД елдерінен сұраныстар келіп тұсуде. Бұл сұраныстардың жауабы азаматтың құқықтық және заңдық мүдделерін қорғау үшін оларға архивтік анықтама мен құжаттардың көшірмелері немесе архивтік үзінділер 11 жұмыс күн ішінде жіберіледі.

Осы e-gov.KZ электрондық веб-портал арқылы сұраныстарына жауап алу жылдам әрі ыңғайлы екенін түсінген тұтынушылар саны күн сайын артуда. Оған дәлел 2023 жылдың қаңтар, ақпан айларында 677 сұраныс түсіп, оның 368-і қанағаттанарлық жауап алса, үстіміздегі жылдың қаңтар-ақпан айында 1175 сұраныс түсіп, оның 711-іне қанағаттанарлық жауап беріліп, алдыңғы жылмен салыстырғанда сұраныс екі есеге артқан. Бұған себеп 1961-1963 жылдарда туған азамат пен азаматшалардың биылғы зейнетке шығуы. Сондай-ақ ол кісілер қызмет өтілі кезіндегі еңбек кітапшаларындағы мөртабанның анық көрінбеуі және аты-жөндерінің дұрыс толтырылмауына байланысты архив қызметіне көптеп жүгінуде.

Жемқорлық – жауапсыз адамдардың жолы, ол ел болашағына, келер жас ұрпаққа төнген орасан зор қауіп. Ұрпағымыздың өмірге деген көзқарасын өзгертіп, болашағын жемқорлықсыз, жарқын ету өз қолымызда!

М.ҚҰЛТАСОВА,
«Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ-ның «Қызылорда қалалық архиві» филиалы архивісі

МУЗЫКА – МӨЛДІР ӨНЕР

Музыка – өнердің ішіндегі ең ерекше, сұлу сала. Өнердің ең сезімтал түрі жүрегімізде сақталады. Адам музыканы тек жан дүниесімен қабылдап сезінеді, оны тілмен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан да балаға музыканы сезіндіру арқылы қабылдап, музыка өнерінің құдыретін жеткізе аламыз. Өйткені музыкалық шығарманың басқа өнерден айырмашылығы оның мәнерлілігінде. Сол себептен музыканы балаға жай сөзбен емес, өнер тілімен ғана ұғындырып бере аламыз.

Музыкалық білім беру туралы педагогика философиясында әр түрлі пікір бар: алғашқылары, музыканы жеке тұлғаның көркемдік, әсемдік, құндылықтың дамуына әсер ететін құрал ретінде қараса, енді біреулері, музыкалық білім беруде жеке тұлғаны ең алдымен музыка құндылықтарын түсіндіру негізінде тәрбиелеу керек дейді. Сондықтан да бүгінгі таңда музыкалық білім процесінде музыканы жалпы қоғамдағы жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіншілік туғызатын ерекшелік ретінде қарастырады.

Сәби алғаш дүниеге келгеннен бастап музыканың сиқырлы күшіне бөленеді, әуен оның ішкі жан-дүниесіне бойлай еніп, әсер етеді. Музыкамен қарым-қатынас жасау, бір жағынан, жеке тұлғаның рухани дамуын, өзіндік өрістеуін жақсартса, екіншіден, музыкалық қызметтің ұжымдық түрі (хормен және ансамбль құрамында ән айту, бірлескен музыкалық ансамбльде ойнау т.б.) оқушылардың музыкалық-шығармашылық қызметінің дамып, қалыптасуын қамтамасыз етеді, оларды музыканы ұжымдық түрде сезініп, жақындастыра түседі. Музыкалық білім беру жүйесі (тәрбие, оқыту, дамыту) оқушының эстетикалық сезімін, көркемдікті, әсемдікті сезініп, түйсінуін өнер мен қоршаған ортаның бір-бірімен үйлесімділігі арқылы эстетикалық ләззат алуына жағдай жасайды.

Әлия ІДРИСОВА,
М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінің музыка пәні мұғалімі

КӨҢІЛ

Көңіл деген жіп-жіңішке жіп екен, Бір ауыз сөз оған ауыр жүк екен. Біреулердің жібі содан жұқарып, Біреулері біржолата үзілген.

Көңіл, шіркін, кейде бір ақ кең екен, Сүрінгеннің қолтығынан демеген. Бар жіғаның жан-жағына шашатын, Көңіл сондай көңілшексің не деген?

Көңіл деген біреулерде тар ма екен, Қай көңілім қай аралда қалды екен. Өзге жанның көңіліне қаяу сап, Ет жүрегі тыншыған жан бар ма екен?!

Сөз бен көзге жүрші, досым қарайлап, Сонда ғана гүлденеді арай бақ. Көңіл деген өмір деген сияқты, Сүру керек, жүру керек абайлап...

Аружан ӘШІРБЕК



Ауырмаудың жолын іздейтін елміз.
Себебі «бірінші байлық – денсаулық».
Саулық – тән, рухани және әлеуметтік
игіліктің жиынтығы.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРПІН

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. Бұл атаулы күн Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының құрылған күнінде аталып өтіледі. 1948 жылы құрылғаннан бері әлемнің екі жүзге жуық мемлекеті Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына мүше болып отыр. Бұл күнді жыл сайын атап өту 1950 жылдан бастап дәстүрге айналды. Ұйым әр жылды медицинадағы аса көкейкесті мәселелердің біріне арнап отырады.

Ал Қызылорда облысында медицина саласында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Денсаулық сақтау саласына қажетті қызметтік көліктер алынып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде оң өзгерістер бар. Жақында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылды. Бұл сала мамандарының жоғары деңгейде жұмыс атқаруына оң септігін тигізеді.

– Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласын басым бағыттардың бірі ретінде белгілеп, халыққа арнаған Жолдауында нақты талаптар қойды. Осыған орай көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Бұрынғы аппарат бұзылып, ауруханада 2016 жылдан бері мұндай құрал-жабдық болған жоқ. Мәселенің шешімін табу үшін бюджеттен қаржы бөліп, биыл бағасы 646 млн теңге тұратын МРТ аппараты алынды. Жаңа құрал өңір халқының игілігіне, аурудың алдын алу, анықтау жұмыстарын ілгерілетуге қызмет етеді, – дейді сала мамандары.



Мұндай қамқорлықтың нәтижесінде облыстық көпбейінді ауруханада күрделі ота жасау мүмкіндігі туындап отыр. Өткен жылдың желтоқсанында бүйрек ауыстыру отасын А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Баймахановтың басшылығымен қызылордалық дәрігерлер сәтті атқарып шықты.

– Елімізде 2011 жылдан бері бүйрек және бауыр трансплантациясы кең ауқымда жүргізіліп келеді. Бүгінге дейін 1000-ға тарта ота жасалды. Оның 700-і бүйрекке қатысты болса, қалғанын бауыр трансплантациясы құрайды. Бұл – өте күрделі іс, оған әрбір дәрігер үлкен жауапкершілікпен қарайды. Тәжірибесі жоғары болуы ескеріледі. Біз облыстық көпбейінді аурухана дәрігерлерінің ұсынысын қабылдадық. Аурухана оған қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ота төрт сағаттан астам уақытқа созылды. Жалпы, бұл өте жіті назарда болады. Барлығы алдын-ала зерттеледі, – дейді Болатбек Баймаханов.

Айта кетсек, өңірдің медицина саласында ауқымды жобалар жүзеге асуда. 2022 жылы 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100% автокөлікпен қамтамасыз етілді. Өткен жылы денсаулық сақтау ұйымдарына 512,5 млн теңгеге 25 жаңа санитарлық автокөлік табысталған.

Сонымен қатар өткен жылы тамыз айында Қызылорда қаласының сол жағалауында құны 2 млрд 700 млн теңгені құрайтын Қан орталығының іргетасы қаланды. Нысан жылына 5000-10000 адамға қызмет көрсете алады. Орталықтың салынуы – аймақтың денсаулық сақтау саласы үшін маңызды әрі ұтымды шешім. Бұл – облыс тұрғындарының денсаулығын сақтау және қорғау бағытындағы нақты іс-шараның бірі.

Тұрғындар сұранысына сәйкес, биыл өңірдің барлық елді мекендеріндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 200 санитарлық автокөлік сатып алынады. Оған қоса 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылуда. Бұл жұмыстарға 3 млрд 700 млн теңге қаралды.

Жақын күндері Жаңақорған ауданындағы көпбейінді аудандық орталық аурухана базасында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылады. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры кейінгі екі жылда аймақтың денсаулық сақтау саласына 2 млрд теңге қаржы бағыттайды. Оған облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, аса қымбат дәрі-дәрмектер алынды. Сондай-ақ қор республика бойынша 3 облыста ғана бар, құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті.

Мамандардың біліктілігін арттыру мәселесі де назардан тыс қалған емес. Дәрігерлердің республикалық орталықтарда ғана емес, шет елдерде де біліктілігін арттыруға жергілікті бюджеттен 80 млн теңге бөлінді. Сәуір айында Стамбул қаласындағы Қазақстанның бас консулының қолдауымен Түркиядағы «Мемориал» клиникасына 10 реаниматолог және 5 кардиолог біліктілік арттыруға барады. Бұл бағыттағы шаралар жыл көлемінде жалғасын табады.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ

Тұмау дегеніміз не?

Тұмау – бұл тыныс алу жүйесін зақымдайтын жедел вирустық ауру. Тұмау, ЖРВИ – жедел респираторлы аурулардың, дәлірек айтсақ, ЖРВИ – жедел респираторлық вирустық инфекциялардың санатына кіреді.

Тұмау иммунитеттің әлсіреуі мен салқын тиоден пайда болмайды, оған ерекше вирус – тұмау вирусы себепкер болып табылады. Оның ерекшелігі өзгергіштігімен сипатталады. Медицинада сипатталған тұмаудың үш түрі (А, В және С) кезектесуімен қатар, олар өз құрылымын өзгерте алады. Сондықтан жыл сайын індет кезінде біздің иммундық жүйе жаңа микроорганизмдермен кездеседі және бұл олармен күресуді қиындатады.

Қалай жұғады?

Тұмаудың жұқтыру көзі – ауру адам және сирек жағдайларда ғана шошқа мен құс сияқты кейбір жануарлар.

Тұмау ауа – тамшы жолдары арқылы жұғады. Науқас адам тыныс алғанда, жөтелгенде, түшкіргенде, ауаға тарайтын қақырық пен мұрыннан бөлінген шырыштан айналада ауру жұқтырылған “бұлт” пайда болады. Бұларды жұту – сау адамның ағзасына тұмау вирусының ену жолы. Ауру жұқтырылған “бұлт” біртіндеп қоршаған заттарға қонады. Өкінішке орай, тұмау вирусы тұрақты және сыртқы ортада бірнеше сағат бойы өз белсенділігін сақтай алады. Вирус жұққан тұрмыстық заттардың қасынан өтіп бара жатып немесе оларды пайдалану арқылы біз еріксіз, адамның тыныс алу жүйесіне түсуі мүмкін зарарлы бөлшектерді ауаға қайта көтереміз. Бұл тұмаудың ауа – шаң жолымен жұғуының көрінісі.

Белгілері қандай?

Тұмаудың белгілері адамдардың көпшілігіне аян, дегенмен осындай маңызды ақпаратты қайталау артық болмайды деп ойлаймыз.

Жасырын, инкубациялық кезең – 5-6 сағаттан 3 тәулікке дейін созылады. Осы уақыттың аралығында вирус ауыз бен мұрынның шырышты қабықтары арқылы ағзаға еніп үлгереді, ал иммундық жүйе сол уақытта оған кедергі жасауға әрекет жасайды. Инкубациялық кезеңнің ұзақтығы вирустың түріне, адамның иммундық жүйесінің жағдайына байланысты. Инкубациялық кезеңнен кейін аурудың мынандай белгілері пайда болады:

1. Тұмау, мұрынның бітелуі, түшкіру, тамақтың жиыбырлауы сияқты аурудың бастапқы белгілері;

ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

ЖӘНЕ Тұмаудың алдын алу



2. Әлсіздік, дененің сырқырап ауыруы;
3. Аурудың алғашқы сағаттарында температура көтеріледі. Тұмауға 40°C дейін және тіпті одан да жоғары температуралы қатты қызба тән;
4. Кейінірек өнімсіз, құрғақ жөтел пайда болады, ол бірте-бірте ылғалды, қақырық бөлінетін жөтелге айналады.

Емдеудің жолы

Тұмаудан емделіп жүрген науқасқа тыныштық талап етіледі, көбірек жату ұсынылады. Өдеттегі белсенділіктен (дағдылы еңбек қызметінен) бас тарту керек. Өйткені ол аурудың асқынудына себепкер болуы мүмкін.

Тұмау кезінде негізгі емдеу жолы – симптомдық емдеу. Симптомдық емдеу кезінде тағайындалатын дәрі-дәрмектер:

- жасын ескере отырып қызуды басатын дәрі-дәрмектер тағайындалады;
- С дәрумені;
- көбірек су ішу;
- қақырық түсіретін, жөтелге қарсы дәрілер;

– мұрын тамшылары тағайындалады. Олар мұрынның шырышты қабығының ісінуін жояды, тыныс алуды жеңілдетеді, гаймориттің дамуына жол бермейді.

Алдын алу шарттары

Тұмаудың алдын алу пайда болған ауруды емдеуге қарағанда әлдеқайда тиімдірек.

Тұмаудың алдын алуға бағытталған шараларды жыл бойы сақтаған жөн: дұрыс тамақтану, шынығу иммунитетті арттырудың, тұмауға қарсы тұрудың оңтайлы амалдары.

– Вакцинация – тұмаудың алдын алудың негізгі медициналық әдісі. Вакцинаны індет басталғанға дейін 1-3 ай бұрын егеді;

– Мақта-дәке таңғышын тағып жүру вирустың тыныс алу жолдарына түсуіне кедергі тудырады;

– Полидәрумендер мен С дәруменін қабылдау керек;

– Ауыз қуысындағы микроорганизмдердің санын азайту үшін сарымсақты күнделікті пайдалану қажет;

– Мұрынды шаю, әсіресе жұмыстан, мектептен, қоғамдық көліктерден шыққаннан кейін мұрынды жуып-шаю өте маңызды;

– Індет кезінде адамдар көп шоғырланатын жерлерден аулақ болу;

– Үйді үнемі ылғалды тазалап отыру қажет;

Тұмау – ауыр және қауіпті дерт. Алайда күз бен қыс мезгілдерінің басталуынан қорқып, үрейленбейді. Салауатты өмір салты тұмаудың алдын алуға көмектеседі. Дендеріңіз сау болсын!

Алима АБДУШУКUROVA,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы

ИНСУЛЬТ! АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТЕ БІЛҢІЗ

Инсульт – мидағы тамырдың бітелуі немесе жарылуы. Ми жасушаларында оттегі жетіспейді және бірнеше минуттан кейін олар өледі. Инсульттің басты проблемасы – әлі де емінің толық табылауы.

Инсультті анықтау қиын, кейде ол айқын көрінетін белгілерсіз пайда болуы мүмкін. Тіпті инсульттан зардап шеккен адам оған не болып жатқанын білмейді. Кейде, сыртқы жағынан, инсульт адамның мінез-құлқындағы біртүрлілік ретінде көрінеді, ол өзін мас сияқты ұстай бастайды, орынсыз, мағынасыз күледі, құлап кетеді және т.б. Сонымен қатар ол өзін қалыты сезінуі мүмкін және тіпті айналасындағыларға бәрі жақсы екенін шынымен сендіре алады.



Инсульттің 3 негізгі белгісі

1. Адамнан күлуді сұраңыз. Инсульт кезінде күлімсіреу қиыны болуы мүмкін. Бұл әрдайым дерлік инсультпен болатын беттің жартысының бірі салдануынан болады.

2. Адамнан қарапайым сөйлемді айтуын сұраңыз. Қисынды. Мысалы: «Далада күн жарқырап тұр». Сөйлем қиын, түсініксіз, тілі шайналып айтылады. Өдетте, олай емес.

3. Адамнан екі қолын көтеруді сұраңыз. Қолдар әртүрлі деңгейде болады немесе біреуі мүлдем көтерілмейді.

Инсульт кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек

Дәрігерлер бригадасының келуін күту кезінде алдымен адамды көлденең жатқызу керек. Егер адам есінен танып, құлап кетсе, ыңғайлы қалып бере отырып, оны көлденең күйде қалдыру қажет. Бұл жағдайда зардап шегушінің өз бетінше тыныс алатындығын бақылау өте маңызды. Егер тыныс алудың бұзылуы болса, адам бүйіріне жатқызылып, ауыз қуысын босатады (құсу, тамақ қалдықтары, алынбалы протездер).

Кардиологтар адамға ыңғайлы орынды іздеуге кеңес бермейді, оны симптомдар пайда болған жерде мүмкіндігінше ыңғайлы етіп ұйымдастырған дұрыс.

Зардап шегуші ыңғайлы көлденең күйде жатқызылғаннан кейін, оның тыныс алу мүмкіндігін жеңілдету керек. Ол үшін адамның

мойнын тар киім мен зергерлік бұйымдардан босатып, белбеуін шешіп, терезені ашып, басқалардың тарап кетуін сұрау арқылы таза ауамен қамтамасыз ету керек.

Егер үйде немесе кенседе тонометр болса, қысымды өлшеп, көрсеткіштерді жазу керек, болашақта бұл апарат жедел жәрдем дәрігерлеріне маңызды болады. Егер қысым тым жоғары болса, зардап шегушінің басын көтеруге болады, егер ол төмен болса, оны тегіс көлденең күйде қалдыру керек. Ұстаманы жұмсартуға тырысып, адамды ұстаудың қажеті жоқ. Осыдан ұстама тоқтамайды, науқастың өзі де, көмек көрсететін адам да жарақат алуы мүмкін. Науқасқа физиологиялық тұрғыдан тиімді жағдай беру керек, бұл сілекей мен бөгде заттардың тыныс алу жолдарына енуіне жол бермейді. Оны бүйіріне жатқызып, басын қосымша төмен бұруға тырысыңыз. Клиникалық ұстамалардың белсенді кезеңінде бұл қиын болады, бірақ мүмкін болса, науқастың ұстама соңына дейін арқасына бұрылуына жол бермеңіз.

Ешқашан пациенттің жақтарын ашуға, аузына бірдеңе салуға, тілін түзетуге тырыспаңыз. Танымал нанымға қайшы, тілді жұту мүмкін емес, ал қажетсіз манипуляциялар қосымша жарақатқа әкеледі. Шайнау бұлшықеттері өте күшті, пациент көмекшінің саусақтарын тістей алады немесе өзінің тістері мен жақтарын сындыруы мүмкін.

Егер тыныс алу немесе жүрек соғысы тоқтаса, жедел реанимацияны (жасанды тыныс алу және жанама жүрек массажы) бастау керек және оны функцияны қалпына келтіруге дейін немесе жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін жүргізу керек.

Инсульт кезінде не істеуге болмайды?

Егер сіз инсульт алған адамға дәрігерге дейінгі көмек көрсетсеңіз, науқастың жағдайын айтарлықтай нашарлатуы мүмкін екенін есте сақтаңыз:

– Медициналық көмек шақырмай, жағдайдың жақсаруын күтуге болмайды. Инсульттің алғашқы 3-6 сағаты жағдайды жеңілдету және оның салдарын азайту үшін өте маңызды.

– Сіз инсульт күдігі бар адамға дәрі-дәрмек бере алмайсыз. Қысым көтеретін, төмендететін, зардап шегушінің өзі оларды үнемі қабылдайтынын мәлімдесе де дәрі ішкізуге болмайды. Дәрігердің бақылаусыз қабылданған кез келген дәрі-дәрмек қан айналымы бұзылуына нашарлатуы мүмкін.

– Инсультті бар адамды тамақтандыруға немесе сұйықтық ішкізуге болмайды. Науқас кез келген уақытта құсуды бастауы мүмкін немесе ауыз жұтқыншақ органдар функциясының бұзылуына байланысты тұншығуы мүмкін.

– Адамды мүсәтір спиртін немесе басқа ұқсас препараттардың көмегімен сезімге келтіруге тырыспаңыз, олар тыныс алу функциясын бұзуы мүмкін.

– Зардап шегушіні жедел жәрдем келгенге дейін бақылаусыз қалдырмаңыз, егер ол өзін қалыпты сезінетініне сендірсе де, оған өздігінен қозғалуға рұқсат бермеңіз. Жағдай кез келген минутта күрт нашарлауы мүмкін. Есіңізде болсын, мұндайда адамның миы бұзылады және шұғыл медициналық көмек қажет.

Ең бастысы, егер сізде, сіздің туысқаныңызда немесе танысыңызда инсульттің алғашқы белгілері пайда болса, жедел жәрдем шақырыңыз.

Фазила ГАНИБЕКОВА,
Қызылорда облыстық жедел жәрдем стансасының фельдшері

Өмірге құлшыныс



АСҚАЗАНСЫЗ ӨМІР СҮРГЕН

1998 жылы Қызылорда қаласының тұрғыны Римма Кимнің асқазанын толық алып тастады. Кәметке толмаған үш баланың анасында қатерлі ісік ерте сатысында анықталған. Дер кезінде емделіп, қайсарлығы мен дәрігерлердің кәсіби шеберлігінің арқасында бұл дертке шалдыққан науқас отыз жылға жуық өмір сүрді. Был Римма Ким 70 жасқа толады.

Басында үлкен жараның салдарынан асқазанның жартысынан көбі алынып тасталды. 2 жылдан кейін ісік анықталды. Қазақ онкология және радиология ҒЗИ-дың дәрігерлері бүкіл асқазанды алып тастауға мәжбүр болды. Асқорыту мүшесінің қызметін ішек қапшығы орындайды. Ауыр оңалту кезеңінен, химиотерапия курсынан өттім. Облыстық онкологиялық орталықта жылына екі рет ем аламын. МӨМС жүйесінің арқасында дәрі-дәрмектер қолжетімді, МРТ, КТ, ФГДС және т.б. тегін өтемін. 90-шы жылдары мұның бәрі ақыл болды, – дейді Римма Ким.

Римма әр науқастың өмірі үшін күресетін облыстық онкологиялық орталықтың мамандарына алғыс білдіреді. “Қатерлі ісік – бұл үкім емес” дейді дәрігерлер. Бөлім меңгерушісі Болат Қашақовтың айтуынша, диспансерлік есепте 5525

пациент бар, оның 2796-сы 5 жылдан астам өмір сүрді.

– Онкологиялық аурудың ағымы оның сатысына, науқастың эмоционалды жағдайына, оны қалай емдеуіне байланысты болады. Қазір медицинада хирургиялық емдеу, сәулелік терапия, химиотерапия, иммунопрепараттардың үлкен арсеналы бар. Мұның бәрі науқастың өмірін ұзарттады. Бірақ ең алдымен, уақытылы скринингтен өту керек. Қатерлі ісікке шалдығу қаупі бар болса, МӨМС аясында диагностикалық тексерулер мен емдеу халықтың барлық топтарына қолжетімді. Денсаулығыңызды сақтаңыз, – деп атап өтті Болат Қашақов.

Был облыстық онкологиялық орталыққа Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 4,7 млрд теңге бөлінген.

З.ҚОНЫСЖАН

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“Тағай Сити Строй” ЖШС (БСН 120 240 019 270) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Қайнар көшесі №33.

«Қызылорда жастар» театры өнерімен көпті мойындата алатын дәрежеге жеткені жасырын емес. Көрерменге сапалы дүние ұсынып жүрген ұжымда мықты өнерпаздар жетерлік. Соның бірі – Тоғжан Дастанқызы. Театр өз алдына шаңырақ көтергелі бері туындының басты ролін дәл осы біз әңгімелескен Тоғжан ойнап шыққан болатын. Осы орайда жас актрисамен сұхбаттасып, оқырман назарына ұсынуды жөн санадық.

«ӨМІР-ӨЗЕННЕН» БАСТАЛҒАН ӨНЕР



– Әңгімені туған топырағыңыздан бастасақ, қай жерде дүниеге келдіңіз, қайда білім алдыңыз?
– Мен Шиели ауданында туғанмын. Сол жердегі Ыбырай Алтынсарин атындағы №219 қазақ орта мектебін тәмамдап, 2014 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне грантка оқуға түстім. Дегенмен оқыған мамандығым қазақ тілі мен әдебиеті болатын. Бұл мамандық та өнер секілді жанға жақын. 2018 жылы оқу ордасын қызыл дипломмен аяқтадым. Содан соң 2018-2020 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Филология» мамандығы бойынша магистратурада оқыдым.

– Өнер де бақ тәрізді, біреуге ерте, біреуге кеш келіп жатады. Театр сахнасындағы жол қай кезден басталды?
– Театр әлеміне ең алғаш 3 курс оқып жүргенде келдім. Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университеті жанынан Т.Ахтанов атындағы драма театрдың режиссері Елтай Кемал «Кемал» театр студиясын құрды. Студия университеттің Жастар сарайында орналасқан. Сол жерде хореограф, вокал бойынша сабақ беретін мамандармен жұмыс істедім.

Театр өнеріне қызығатын, қабілеті бар университет студенттерінің арасында кастинг өткізіліп, 80-ге жуық студент қатысты. Ақыры студияға 25 студент іріктеліп алынды, арасында мен де болдым. Ең алғаш театр әлеміне аяқ басуыма себепші, қолдаушы болған ұстазым Елтай Кемал деп айтар едім.

– Қаламыздың «Қызылорда жастар» театры шығармашылық потенциалы қажет ететін мықты ортаға айналып үлгерді. Бұл ұжымға қалай қабылдандыңыз?
– Жалпы, театр сахнасында жүргеніме 7 жылға жуық уақыт болыпты. Қалалық «Жастар» театрына 2020 жылы жұмысқа қабылдандым. Ақтөбедегі «Кемал» театрында жүргенде «Өмір-өзен» спектаклінде ең алғаш көпшілік алдында сахнада өнер көрсеткен едім. Мен үшін әуелгі үлкен тәжірибе сол болды. Оның алдында тек ән айтып сахнаға шығып жүргенмін. Мектеп қабырғасында Шиелидегі музыкалық мектепте 5 жыл вокалдан сабақ алғаным бар.

Ал маған алғаш рет басты рөлде ойнау бақыты осы «Жастар» театры сыйлады. Жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлының «Отырардың жасыны» атты тарихи драмасында Әбүдің сүйген ғашығы Айымжанды сомдап шықтым. Осы ретте шығармашылық жолымда үлкен мүмкіндіктер берген Оңталап Нұрмаханов ұстазыма көп алғыс айтамын. Ұстазымның арқасында театр әлемінің қыр-сырымен одан әрі терең таныстым, үйрендім, білім алдым. Қазір театр өнерінде жеткен жетістіктерім болса, ол да ағайымның сенімінен, қолдауынан, берген білімінің арқасында екені сөзсіз.

– Кейбір даңқты өнер шеберлері театр сахнасында мыңдаған қойылымда ойнағаны белгілі. Ал сіз шығармашылық

жолыңызда қанша қойылымда ойнап үлгердіңіз?
– Алдағы өнержолымызды деу ұзақ екеніне сенемін. Әзірге оншақты қойылымның басты рөлдерін сомдадым. Кейінгісі Төлен Әбдіктің әйгілі «Оң қол» психологиялық драмасы. Бұдан бөлек С.Балғабаявтың «Қызылорданың қыздары» қойылымында көпшілік сахнада, Оңталап Нұрмахановтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» атты қойылымында Тоғжан бейнесінде, Қ.Түменбайдың екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаева арналған «Екі бала-екі шал» қойылымында көпшілік сахна мен хатшы қыздың бейнесінде, Ж.Ермановтың өмірі мен өлеңдеріне құрылған А.Алматов пен О.Нұрмахановтың бірлескен туындысы «Ұлардың дауысы» атты поэзиялық қойылымында көпшілік сахнада ойнадым.

Шетелдік жазушылардың да туындыларын ұмытпадық. Мәселен, Башқұрт жазушысы Флор Галимовтың «Олимптің күйреуі» қойылымында сулулық пен махаббат құдайы – Афродитаны сомдап шықтым. Бұдан бөлек көптеген қойылымдарда өнер көрсеттім. Ешқайсысын бөліп жармаймын, сомдаған рөлдерімнің бәрі де жанға жақын, ыстық болды.

Алдағы уақытта өзімді табиғатыма, мінезіме жақын емес рөлдерде сынап көргім келеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен А.САЙЛАУОВ

Нұрболат Нұржаубай – өмірінің 15 жылдан астам уақытын фотожурналистикаға арнаған талант. Талай жастың фотоға деген қызығушылығын ашып, елдегі елеулі оқиғаларды қалт жібермеген фототілші. Осы салаға өзіндік жаңалықтар енгізіп, жаңа бастамалар бастап жүрген Нұрболат бірнеше байқаулардан да оқ бойы озық келді.

ШЫРТ ЕТКІЗГЕНІ ШЕДЕВР

Жақында ғана «Ауыл» партиясының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен «Ауыл нақыштары» дәстүрлі республикалық фотобайқауда «Сыр медиа» ЖШС-ның фототілшісі жүлделі II орынды иеленді.

«Ауыл нақыштары» байқауы 2023 жылдың 1 қыркүйегінде басталған. Ауылдың шинайы көрінісі, әсем табиғаты арқылы оның тұрмыс-тіршілігіне көпшілік назарын аудару, еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін көтеру мақсатын көздеген байқауға еліміздің барлық өңірлерінен партияның сайты арқылы 500-ге жуық жұмыс келіп түскен. Әріптесіміз 122 үміткердің ішінен үздік атанған.

– Барлық берекенің бастауы – ауыл. Сондықтан ауыл нақыштарын дәріптейтін мұндай бастамаларды ерекше қолдаймын. Бірге атсалысуға тырысамыз. Байқауға әуесқой фотографтар да, өз ісінің кәсіби мамандары да

қатысты. Барлығымызға ұйымдастырушылар бірдей шарт қойды. Әр қатысушыға 3 фотодан жіберу мүмкіндігі болды. Менде бақ сынап көруге тырыстым. Партия басшылығы мен тәжірибелі фотографтар енген кәсіби қазылар алқасы еңбегімді жақсы бағалады. Республика көлеміндегі осындай ауқымды шараны ұйымдастырған «Ауыл» партиясына алғысымды айтқым келеді. Ауылмыз көркей берсін, – дейді Н.Нұржаубай.

Оның көп суреттерін басылым беттері үзбей жариялап жүр. Ал біз оқырманға Нұрболаттың шығармашылық бағытта түсірген, еркін ойлы суреттерін ұсынғанды жөн санадық. Себебі оның шырт еткізген әр кадры қадірін білген жанға шедеврдің нақ өзі.

Айдар САЙЛАУОВ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН
АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:

Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР

Айдар САЙЛАУОВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

Таралымы: 7089
Тапсырыс: 572